



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

23 тамыз 2022 жыл

### KASE клирингілік қатысу сертификаттарын іске қосты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қор нарығында Қазақстанда бұрын жасалған аналогтары жоқ жаңа өнім – клирингілік қатысу сертификаттарын іске қосты. Бұл өнім Биржаның қатысушылары мен олардың клиенттеріне жаңа мүмкіндіктер береді.

Клирингілік қатысу сертификаттары (КҚС) Биржа кепілге (бағалы қағаздар, ақша) шығаратын эмиссиялық емес қамтамасыз етілген мерзімсіз бағалы қағаздар – КҚС-мен репо операциялары бойынша орталық контрагент ретінде Биржаға сауда-саттыққа қатысушылар беретін мүліктік пул болып табылады.

Шығарылған КҚС активтерді мүліктік пулға берген сауда-саттыққа қатысушыларға беріледі.

КҚС шығарылымының мүліктік пулына жарналар ретінде теңгемен және АҚШ долларымен ақша, сондай-ақ бағалы қағаздар пайдаланылуы мүмкін. Мүліктік пулға қосуға рұқсат етілген активтердің өзекті тізімі күн сайын KASE интернет-ресурсында жарияланады.

КҚС ұстаушысы репо операцияларын жүзеге асыру кезінде кепіл ретінде, сондай-ақ өзге бағалы қағаздармен биржалық мәмілелерді оның қамтамасыз етуі ретінде пайдалана алады.

КҚС репо операцияларының заты ретінде пайдалану сауда-саттыққа қатысушыларға мынадай артықшылықтар береді:

- репо операциясының мерзімі аяқталғанға дейін қамтамасыз етуді тиімді басқару және пулға бұрын енгізілген мүлікті ауыстыру мүмкіндігі;
- КҚС-мен репо операциялар жасау кезінде мүліктік пулды сақтау Бағалы қағаздардың орталық депозитарийіндегі сауда-саттыққа қатысушының шоты бойынша жеке бөлімде жүзеге асырылады және оның бағалы қағаздары бойынша дивидендтер мен купондық төлемдер сауда-саттыққа қатысушыға тікелей түседі;
- сауда-саттыққа қатысушыларға КҚС-мен репо операциялары бойынша кепілмен қамтамасыз етуді өз бетінше бағалаудың қажеті жоқ, қамтамасыз етуді бағалауды орталық контрагент ретінде Биржа жүзеге асырады.

КҚС шығарылымын және айналысын қамтамасыз ету мақсатында KASE Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдерімен 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілетін Биржаның бірқатар тиісті түзетулері мен жаңа ішкі құжаттары бекітілді. Осындай құжаттардың толық тізімі KASE интернет-ресурсында жарияланған.

КҚС шығару параметрлері, КҚС-мен мәмілелер туралы, сондай-ақ КҚС шығарудың ағымдағы көлемі және мүліктік пул объектілерінің есептік құны туралы ақпарат KASE интернет-ресурсында қолжетімді болады.

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші

орынды алады. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO) – Ұлттық қор нарықтарын реттеу стандарттарын әзірлеу және IOSCO-ға мүше – реттеушілер арасында ақпарат, оның ішінде қадағалау алмасу мақсатында бағалы қағаздар нарықтарын реттеу мен қадағалау жөніндегі ұлттық органдарды біріктіретін ұйым.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)*